

Халықаралық қаржы және экономикалық ұйымдары мен донор елдер берген займдарды мақсатты пайдалану үшін бақылау мен дұрыс есептеу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Өкімі 1996 жылғы 3 мамыр N 212-ө

Қазақстан Республикасының дамуына Ресми көмек шегінде Халықаралық қаржы және экономикалық ұйымдары (ХҚЭҰ) мен донор елдер берген займдарды мақсатты пайдалану үшін бақылау мен дұрыс есептеудің тиімділігін арттыру мақсатында:

1. Қазақстан Республикасының дамуына Ресми көмек шегінде займ қаражатына қаржыландыруға немесе қоса қаржыландыруға жоспарланған бағдарламалар мен жобалар даярлады, сондай-ақ олардың пайдаланылуына бақылау жасауды Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің жанындағы Шетел капиталын пайдалану жөніндегі комитет жүзеге асыратын болып белгіленсін.

2. Министрліктер мен мемлекеттік комитеттер Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің жанындағы Шетел капиталын пайдалану жөніндегі комитетке Қазақстан Республикасының дамуына Ресми көмек шегінде займ қаражатына қаржыландыруға немесе қоса қаржыландыруға жоспарланған бағдарламалар мен жобалар даярлаудың барысы туралы есеп берсін.

3. Қазақстан Республикасының дамуына Ресми көмек шегіндегі бағдарламалық және жобалық займдар қаражаттарын алған кезде төлем құжаттарына:

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің жанындағы Шетел капиталын пайдалану жөніндегі комитет - қойылатын қолдардың бірінші тобы;

қызмет көрсету жөніндегі агенттік - қойылатын қолдардың екінші тобы қол қояды.

4. Қызмет көрсету жөніндегі агенттік әр айдың бірі күні Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің жанындағы Шетел капиталын пайдалану жөніндегі комитетке Қазақстан Республикасының дамуына Ресми көмек шегінде займ қаражатына қаржыландыруға немесе қоса қаржыландыруға жоспарланған бағдарламалар мен жобаларды жүзеге асыру жөнінде есеп береді.

5. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі осы өкімге сәйкес бұрын Қазақстан Республикасы қол қойған бағдарламалық және жобалық займдар жөніндегі қойылған қолдардың жана үлгісін бекітіп, оларды тиісінше Халықаралық қаржы және экономикалық ұйымдары мен донор елдерге жіберсін.

6. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бір ай мерзім ішінде Қазақстан Республикасының дамуына Ресми көмек шегінде займ қаражатын қаржыландыруға немесе қоса қаржыландыруға жоспарланған бағдарламалар мен жобаларды даярлау және жүзеге асыру барысы туралы есеп беру нысанын әзірлесін.

7. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бір ай мерзім ішінде Қазақстан

Республикасы Қаржы министрлігінің жанындағы Шетел капиталын пайдалану жөніндегі комитет қызметінің, өкілеттігі мен жауапкершілігі аясын айқындайтын тиісті шешімдер жобасын Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізсін.

Премьер-Министр

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ